

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты  
«Программалық инженерия» кафедрасы

Карабалаева Динара Кошгарқызы

«Find System» проектісінің мобильді қосымшасын құру

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B060200 – «Информатика» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

«Программалық инженерия» кафедрасы

5B060200 – «Информатика»

**БЕКІТЕМІН**

ПИ кафедра меңгерушісі,  
техника ғылымдарының кандидаты,  
ассистент-профессор

– Р. Юнусов  
«14» мамыр 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Карабалева Динара Кошгарқызы

Тақырыбы «Find System» проектісінің мобильді қосымшасын құру

Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 2018 жылғы «16»

қазанның № 1162-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы «21» мамыр

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Ұсынылатын дипломдық жобада

«Find System» проектісінің мобильді қосымшасын құру. Rest технологиясы  
арқылы веб бетпен байланыс орнату

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім;

б) Жобалау бөлімі;

е) Қолданылған бағдарламалық қамтамалар тізімі;

ж) Мобильді қосымшаны құру және оны іске асыру.

Сызба материалдарының тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Жобаның презентациялық 20 слайды ұсынылған.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 17 әдебиеттер тізімінен тұрады.

Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ

| Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі | Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері | Ескерту |
|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------|---------|
| Жалпы бөлім                                     | 18.02.2019                                         | ХҚОҒ    |
| Қолданылған бағдарламалық қамтама               | 10.03.2019                                         | ХҚОҒ    |
| Жобалау бөлімі                                  | 28.04.2019                                         | ХҚОҒ    |
| Дипломдық жұмыстың түсініктемелік               | 12.05.2019                                         | ХҚОҒ    |

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен  
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған  
қолтаңбалары

| Бөлімдер атауы       | Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы) | Қол қойылған күн | Қолы         |
|----------------------|-------------------------------------------------------------|------------------|--------------|
| Норма бақылау        | Алғожаева Р.<br>Сениор-лектор                               | 16.05.2019       | Алғожаева Р. |
| Бағдарламалық бөлімі | Сман Н.О.<br>Ассистент                                      | 16.05.2019       | Сман Н.О.    |

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ С. Қалдыбеков

Тапсырманы орындауға алған білім алушы \_\_\_\_\_ Д. Карабалаева


Күні \_\_\_\_\_ «16» мамыр 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты  
«Программалық инженерия» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі  
Техника ғылымдарының кандидаты,  
ассистент-профессор

 Р. Юнусов  
«17» маусым 2019 ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**


«Find System» проектісінің мобильді қосымшасын құру

5B060200 – «Информатика» мамандығы

Орындаған

Карабалаева Д.

Ғылыми жетекші  
сениор-лектор

 С. Қалдыбеков  
«17» маусым 2019 ж.

Алматы 2019

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті

Мамандығы 5В060200 – Информатика

Студент Карабалаева Динара

Тақырыбы: «Find System» проектісінің мобильді қосымшасын құру

### ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ СЫН ПІКІРІ

Бұл дипломдық жобада университетімізге арналған мобильді қосымша қарастырылған. Жобаның мақсаты Satpaev University оқытушылары мен осында білім алып жатқан студенттердің оқу жүйесін автоматтандыру болып табылады. Өзіне қажетті аудиторияны іздеп, сонымен қатар аудитория жайлы ақпаратқа қол жеткізе алады. Брондау жүйесі оқытушыларға қалаған аудиториясында сабақ беру мүмкіндігін береді. Жаңалықтар бөлімі университетіміздегі соңғы жаңалықтарымен хабардар етіп отырады. Студент басқаларды қызықтыра алатындай дипломдық жоба жасаған.


Дипломдық жұмыстың бірінші бөлімінде тақырыпқа байланысты Android платформасына арналған мобильдік бағдарламасына шолу және жасалынатын мобильдік қосымша туралы деректер жинақтау мен талдау жүргізілді. Екінші бөлімі жобалау бөлімі, модельдеу арқылы диаграммаларды қолдана отырып дипломдық жобаны жобалап алды және қолданылатын программалық қамтамалар туралы айтылған. Үшінші бөлім бағдарламалық құрылымы ерекшеліктерін қарастырған.

Студент диплом жұмысын жазу процесі кезінде материалды зерттеу талдау және жүйелеу әдістерін, безендіру тәсілдерін дұрыс пайдаланған, диплом жазушы «Тапсырма» бойынша барлық қойылған талаптарды толық орындаған.

Қорытындылай келе студент өз мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланып, дипломдық жобаны жақсы жасап шыққан.

Жоба жетекшісі ретінде студент Карабалаева Динара Кошгарқызы «Find System мобильді қосымшасы» атты тақырыптағы дипломдық жұмысын толық аяқтап өткізді.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ  
«Программалық инженерия» кафедрасының  
сениор-лекторы «17» мамыр 2019жыл



С.Б. Қалдыбеков

## Отчет подобия



|                                           |                     |
|-------------------------------------------|---------------------|
| Университет:                              | Satbayev University |
| Название:                                 | Карабаева Динара    |
| Автор:                                    | Карабаева Динара    |
| Координатор:                              | Саламат Қалдыбеков  |
| Дата отчета:                              | 2019-05-12 18:04:36 |
| Коэффициент подобия № 1:                  | 5,0%                |
| Коэффициент подобия № 2:                  | 0,0%                |
| Длина фразы для коэффициента подобия № 2: | 25                  |
| Количество слов:                          | 4 200               |
| Число знаков:                             | 34 886              |
| Адреса пропущенные при проверке:          |                     |
| Количество завершенных проверок:          | 91                  |

Ғылыми жетекші

Қалдыбеков С.Б

## АҢДАТПА

Берілген дипломдық жобада Android операциялық жүйесінде жасалынған «Find System» бағдарламасы университетіміз туралы нақты мәліметтер беруге арналған навигациялық гид түрінде жасалынды.

Бұл жұмыс кіріспеден, негізгі бөлігін қамтитын үш тараудан (талдау бөлімі, зерттеу бөлімі және жобалау бөлімі) қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Бірінші бөлімде Android платформасына арналған мобильдік бағдарламасына шолу және жасалынатын мобильдік қосымша туралы деректер жинақтау мен талдау жіргізу сипатталады.

Екінші бөлімде мобильдік қосымшаны қолданудағы модельдері, мәліметтер базасын таңдау, сонымен қатар программалау тілін таңдау негіздемесі айқындалады.

Үшінші бөлімде бағдарламалау ортасын баптау мен әзірлеу барысы сипатталып, бағдарлама жайлы жалпы мәліметтер мен логикалық құрылымы, сонымен қатар техникалық талаптар тізімі мен жұмыс нәтижесі сипатталады.

Бұл жұмыс мәліметтерді MySQL деректер қорын басқару жүйесі арқылы басқарылады. Интерфейс Java бағдарламалау тілінде жасалған. Жұмыстың ішінен жобаның модельдік үлгісін бейнелейтін диаграммаларды және жүйенің толық сипаттамасын табуға болады.

## АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте разработана программа «Find System», разработанная в операционной системе Android, в виде навигационного гида для передачи точных данных о нашем университете.

Эта работа состоит из введения, трех разделов, включающих основную часть (аналитическая часть, исследовательская часть и проектная часть), заключения, списка использованной литературы и приложения.

В первом разделе описывается обзор мобильной программы для платформы Android и проведение сбора и анализа данных о создаваемом мобильном приложении.

Во втором разделе определяются модели использования мобильного приложения, выбор базы данных, а также обоснование выбора языка программирования.

В третьем разделе описывается процесс разработки и настройки среды программирования, описывается Общая информация о программе и логическая структура, а также перечень технических требований и результаты работы.

Эта работа управляется системой управления базами данных MySQL. Интерфейс разработан на языке программирования Java. В работе можно найти диаграммы, отражающие модельную модель проекта и подробное описание системы.

## ANNOTATION

In this graduation project, the program "Find System", developed in the operating system Android, in the form of a navigation guide to transmit accurate data about our University.

This work consists of an introduction, three sections including the main part (analytical part, research part and project part), conclusion, list of references and Appendix.

The first section provides an overview of the mobile application for the Android platform and how to collect and analyze data about the mobile application being created.

The second section defines the models of using the mobile application, the choice of database, as well as the rationale for the choice of programming language.

The third section describes the process of development and configuration of the programming environment, describes General information about the program and the logical structure, as well as a list of technical requirements and results.

This work is managed by the MySQL database management system. The interface is developed in the Java programming language. In the work you can find diagrams that reflect the model model of the project and a detailed description of the system.

## МАЗМҰНЫ

|     |                                                      |    |
|-----|------------------------------------------------------|----|
|     | Кіріспе                                              | 8  |
| 1   | Негізгі бөлім                                        | 9  |
| 1.1 | Жобаның өзектілігі                                   | 9  |
| 1.2 | Оқу жүйесіндегі аудиторияны брондау маңызы           | 9  |
| 1.3 | Мобильді құрылғыларға қосымшаларды құрудың негіздері | 10 |
| 1.4 | Ұқсас бағдарламаға шолу                              | 11 |
| 1.5 | REST API                                             | 12 |
| 2   | Жобалау бөлімі                                       | 14 |
| 2.1 | Унифицирленген модельдеу тілі                        | 14 |
| 2.2 | Java бағдарламалау тілі                              | 17 |
| 2.3 | Android платформасы                                  | 18 |
| 2.4 | Деректер құрылымы                                    | 19 |
| 2.5 | Фреймворк ұғымы                                      | 21 |
| 3   | Жоба құрылымы                                        | 23 |
| 3.1 | «Find System» проектісі туралы                       | 23 |
| 3.2 | Қолданушының интерфейсі                              | 23 |
|     | Қорытынды                                            | 27 |
|     | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі                      | 28 |
|     | А қосымшасы. Техникалық тапсырма                     | 29 |
|     | Б қосымшасы. Бағдарлама мәтіні                       | 33 |
|     | Спецификация беті                                    | 42 |

## КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта заман мен техниканың, әртүрлі ақпарат көздері мен ақпарат тарататын құрылғылардың дамыған кезеңі болып табылады. Солардың бірі - мобильді құрылғылар, яғни қосымшалар. Мобильді қосымша дегеніміз - мобильді телефондар, коммуникаторлар, смартфондар және тағы да басқа құрылғылар үшін арнайы жасалынатын бағдарламалық қамтама. Мобильді қосымшалар негізінде жалпы қандай да бір құрылғының тиімділігін арттыру және ақпарат беру мақсатында жасалынған қамтама саналады. Android операциялық жүйесі мобильді құрылғыларға қосымшалар құруға арналған платформа болып табылады. Оның ашықтығы мен қол жетімділігінің арқасында, жетілдіруге арналған тегін әрі ыңғайлы құралдардың бар болуының арқасында көп қолданысқа ие болып отыр. Сол себепті «Find System» аудитория іздеу мобильді қосымшасы Android платформасында жасалынды.

Қосымшаның қолдану аймағы – қазақ тілінде білім алатын студенттерге, оқытушыларға және абитуриенттерге университетіміз туралы өзіне керекті ақпарат алуға бағытталған. Сонымен қатар орыс және шет тілдерінің қазақ тілімен қатар жүруіне байланысты бұл екі тілде бағдарлама жасалып, енгізілуі мүмкін.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: Университетімізде білім беретін оқытушыларға өзіне ыңғайлы аудитория орнын табу және қажет жағдайда аудиторияны брондау мүмкіндігінің болуы. Ал студенттерге аудитория туралы ақпарат алуға септігін тигізеді. Университетіміздің өте үлкен болуына байланысты бұл қосымша көптеген студенттер мен оқытушыларға септігін тигізеді деген үміттеміз.

Дипломдық жоба өзектілігі: Қазіргі таңда сенсорлы экранды ұялы құрылғылар, планшеттер және тағы басқа құрылғыларға арналған мобильдік қосымшалар кең ауқымды қолданысқа ие болғандықтан мобильді қосымшалар құру өзекті мәселе болып табылады және қолданушылар өздеріне ыңғайлы әрі қолжетімді және тегін қызмет түрлерін қолдануды жөн көреді. Білім беру салысында да мобильді қосымшаның бағдарламасын құру жеке бір өзекті мәселе болып отыр. Сонымен қатар қазақ тілінде жазылған қосымшалардың аздығы, ұлттық тілімізде жазылған қосымшаларды жасауға деген қажеттілікті тудыруда. Іздеу жүйесі барлық университетіміздің адамдарына таптырмас бағдарлама болып табылады.

## **1 Негізгі бөлім**

### **1.1 Жобаның өзектілігі**

Қазіргі уақытта мобильді құрылғылардың үлесі үнемі артып келеді, сондықтан бейімделген (реттелген) дизайнды немесе шағын экрандарды пайдаланатын сайтқа келушілер үшін жеке мобильді нұсқаны пайдалана отырып, мобильді құрылғыларға веб-сайттарды оңтайландыру қажеттілігі туындайды.

Find System мобильді қосымшасы көп жағдайда талапкерлер мен студенттерге арналған. Олар енді мобильді құрылғылардан ЖОО туралы қажетті анықтамалық мәліметтерді ала алады, университет жаңалықтарын қадағалайды, сондай-ақ фотосуреттер мен бейнероликтердің бай мұрағатын қарастыра алады. Сонымен қатар оқытушыларға келетін болсақ, оларға аудиторияны брондау жүйесі қолжетімді. Бұл бағдарлама тек Қ.И.Сатпаев университетіне арналған жоба болып саналады.

Бұл дипломдық жобада веб-парақша және мобильді қосымша қатар жүреді. Веб бет сервер бөлімі болса, мобильді қосымша клиент бөліміне жауап береді және жекелей қосымша бола алады. Жобаның тағы бір ерекшелігі, веб-бетпен Rest технологиясы арқылы байланыс жасай алауында.

### **1.2 Оқу жүйесіндегі аудиторияны брондау маңызы**

Білім беру сапасының және оқу пәндерін табысты оқытудың маңызды нысаны-бұл кафедрада, факультетте, ЖОО-да оқу-материалдық базасын құру болып табылады. Ол техникалық ЖОО студенттерінің өз бетінше жұмыс істеуге арналған теориялық және практикалық дайындығының заманауи нормаларына жауап беруі тиіс. Сондықтан бірінші кезекте оқу аудиториясын, тиісті оқу пәні бойынша зертхананы және дәріс кабинетін жабдықтау қажет. Аудиторияны жабдықтау өндірістік жағдайлардың көрнекілігіне, қол жетімділігіне және ғылыми мазмұндылығының негізгі дидактикалық принциптеріне жауап беруі тиіс.

Аудитория практикалық, зертханалық және зертханалық-тәжірибелік сабақтарды өткізуге, сонымен қатар үйірме жұмыстарына, студенттердің өзіндік жұмысына арналған. Оқу аудиториясын жинақтау және жабдықтау ғылыми-техникалық прогресс, алдыңғы қатарлы шаруашылықтар тәжірибесі, ғылыми және оқу әдебиеті негізінде тиісті әдістемелік құралдар мен әзірлемелерде қамтылған ұсыныстарды ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен кәсіптік білім беру стандарттары департаменті бекіткен үлгілік пән бағдарламасына сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұл ретте оқу сапасы жүйесінде ЖОО алдына қойылған оқыту мен тәрбиелеудің нақты міндеттерін ескеру қажет. Алдыңғы ғылыми ақпараттың сипаты мен көлемін жеткілікті дәлдікпен анықтау, соның негізінде

студенттер білімді, іскерлікті және дағдыларды меңгереді, әрбір тақырыптың мазмұнын, әр мәселенің мазмұнын ашудың логикалық түрін қалыптастырады.

Оқу аудиториясы жабдықтарының ерекшелігі көрнекі баспа құралдарының (схемалар, фотоальбомдар, фото стендтер, плакаттар) және де техникалық құралдардың (кинопроекторлар, диапроекторлар, технологиялық процестерді бейнетехника - түсіру, дербес компьютерлер) болуы.

Оқу аудиториясын ұйымдастыру мәселелерін шешудегі басты рөл пәнді оқытушыға беріледі. Сол себепті оқытушылар тиісті білім беру үшін аудиторияның толық жабдықталғаны маңызды. Жобаның басты мақсаты-оқытушыға көмек ретінде қалаған аудиторияны брондау жүйесі болып саналады. Кей кездерде студенттер саны мен сабақ кестесі бойынша қойылған

Аудитория саны сәйкес келмей, көп қиындық туғызып жатады. Бұл жағдайда студентке және оқытушыға да қолайсыз болады. Сол себепті аудиторияны брондау жүйесі қазіргі уақыттың жаңалығы болып саналады. Себебі оқытушы өзіне қолайсыз аудиторияны ауыстыруға немесе қосымша сабақ өтуге аудиторияны іздеп брондай алады.

Аудиторияны брондау – бұл университеттің бастапқы оқу ғимаратында қажетті аудитория туралы мәлімет алып(техникалық құралдар), оны брондау жүйесі. Брондау тек оқытушыларға арналған. Ал студенттер тек аудитория туралы мәлімет ала алады. Брондау үшін оқытушыға қажетті мәліметтер жиынтығын толтыру керек.

### **1.3 Мобильді құрылғыларға қосымша құрудың негіздері**

Мобильді қосымша – ұялы телефондарға, смартфондарға, планшеттерге, коммуникаторларға және де т.б құрылғыларға арналған бағдарламалық жабдық.

Мобильді қосымшалардың өзіне арналған әр платформасы әзірлеушіге бағдарламалауды тестілеуге және қосымша қамтамаларды енгізуге рұқсат ететін қызметі белгілі.

Android-мобильді құрылғыларға арналған жаңа платформа. Оның ашықтығы арқасында ол тез кеңейтіледі және оның ерекшелігі тегін және оңай пайдалану құралдарының болуы. Ол өте ықшамды операциялық жүйе болып табылады. Android Inc серіктестігімен бастапқысында өндіріле бастаған операциялы жүйе, артымен оны Google компаниясымен сатып алынып, ары карай дамытылды. Программалық қамтаманы дамыту және жетілдіру үшін Google компаниясы Open Handset Alliance одағын құрып соған жүктеді.

Android операциялық жүйесінде бағдарлама негізінен Java-да негізделген. Кірістірілген бағдарламалық қамтамасыз ету коды Android Page архивінің файлына оралған. Бұл файл кеңейтілімі \* .apk және арнайы aar tool құралы арқылы компилденген. Бұл жинақтаушы мұрағат-файл мобильді құрылғыларға арналған бағдарлама ретінде қарастырылады. Бір файл бағдарламаның бір кодымен байланысты. Жалпы, әрбір бағдарлама өз процесін орындайды.

Бағдарламамен жұмыс жасағанда activity ұғымымен танысамыз. Activity Android қосымшасында құрылатын ең маңызды сынып ретінде жүзеге асады. Бұл класс қосымшаның визуалды белсенділігін білдіреді және пайдаланушы жасай алатын әрекеттерді анықтайды. Java-қосымшасында Activity ата-аналық класынан кеңейтілген (extends) кем дегенде бір сынып болуы тиіс. Сондықтан Activity сыныбының әдістерін білу және қолдана алу маңызды.

#### 1.4 Ұқсас бағдарламаға шолу

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты веб-технологиялармен қатар мобильді қосымшалар өте қарқынды дамуда. Веб-бетке қарағанда мобильді қосымшалар арқылы ақпарат алу өте тиімді. Ал университетіміз туралы ақпарат алуға және жаңалықтарды білу үшін мобильді қосымша таптырмас құрал. Себебі бағдарлама студенттер, мұғалімдер және қонақтарға тек ақпарат беру ғана емес сонымен қатар аудиторияны тауып және ол туралы мәлімет беру арқылы навигация қызметін де атқарады. Бұндай ЖОО арналған веб-беттер көп болғанымен, мобильді қосымшалар аз. Солардың бірі Ресей мемлекетінің оқу орынына арналған «Найти в Огу» мобильді қосымшасы.

«Найти в Огу» қосымшасы өз университеттері туралы нақты бағдар беру үшін жасалған. Аталған мобильдік бағдарламаға төменде жеке жеке сипаттама берілген.

Бағдарламаның мүмкіндіктері:

- Аудиторияны табу. Бұл бөлімде университеттің үлкен болуына байланысты аудиторияға қалай оңай жету жолу көрсетілген. Ең алдымен корпусты тандайды, содан соң карта арқылы сол жолға сілтеме шығады.
- Оқу ғимараттары. Оқу орнының ғимараттары орналасқан жерлер туралы ақпарат береді.
- Поликлиника. Студенттердің денсаулығы үшін бұл бөлім қосылған.
- Ақпарат алу арқылы студенттерге оңтайлы уақытта барып тексерілуі үшін жасалған.
- Басқа бөлімдер. Бұл жерде асхана, дәретханалар және кітапханалар көрсетілген.

Бұл қосымшаның ерекшеліктерінің бірі тек оқу ғимараттарын ғана негізге алмай, сонымен қатар поликлиника, жатақхана және мемлекеттері туралы ақпарат порталдарын қамтиды. Маршрутқа келетін болсақ, кабинеттер арасындағы байланысты өте нақты және ыңғайлы түрде жасалынған. Дизайн беті өте әсерлі және қарапайым болуы қолдануға өте ыңғайлы.

Бұл қосымшамен Find System дипломдық жобасын салыстыратын болсақ. Қосымша көрші мемлекет университетінің картасы болып табылады. Ал «Find System» қосымшасында университет туралы ақпаратты, соңғы жаңалықтарды және аудитория сабақ кестесін қарауға болады. Сонымен қатар қосымша қазақ тілінде университетімізге арналып жазылған. Басты артықшылығы «Find

System» жобасында аудиторияны брондау жүйесінің болуында. Брондау жүйесі оқытушыларға керекті аудиторияны керек сағатында брондауға мүмкіндік береді және аудитория кестесін көру қажетті аудиторияны бос уақытта иемденуге студенттерге тиімді болу үшін жасалған.

Бағдарламаның көрінісі төмендегі 1.1- суретте көрселіген.



**1.1-сурет – «Найти в Огу» қосымшасының көрінісі**

## **1.5 REST API**

Мобильді қосымша клиент сервер бөлімінен тұратындықтан, REST технологиясын қолдану арқылы жұмыс жасалынады.

RESt - клиент-сервер моделі бойынша желіде бөлінген қосымша компоненттердің өзара әрекеттесуінің ерекше бір архитектуралық стилі ретінде саналады.

Архитектуралық стиль ерекшеліктеріне:

- әрбір мәнде бірегей идентификатор – URI болуы керек.
- мәндер өзара байланысты болуы тиіс.
- деректерді оқу және өзгерту үшін стандартты әдістер қолданылуы тиіс.
- ресурстардың бірнеше түрлерін қолдау болуы тиіс.
- өзара іс-қимыл жағдайсыз жүзеге асырылуы тиіс.

REST API-белгілі бір көлемдегі деректерді қайтаратын стандартты әдістердің қашықтағы шақырулардың жиынтығы.

REST API -ды пайдалану, әлбетте, Интернетті пайдалануға байланысты болып табылады. Дегенмен, Android бағдарламалары тек android рұқсаты бар

болған жағдайда ғана Интернетке қол жеткізе алады. Ол үшін бағдарламалық кодта android.permission.INTERNET жолы болуға тиісті.

Rest бағдарламасының артықшылықтары:


- Rest компоненттердің өзара әрекеттесуі үшін бірыңғай интерфейсті ұсынады;(веб-бет және мобильді қосымша)

- REST-деңгейден тұратын жүйе. Жекелеген компоненттер қазіргі уақытта өзара әрекеттесетін деңгеймен шектеледі;

- REST тамаша, өйткені ол жағдайды бақыламайды (stateless) Егерде сіз деректермен жұмыс жасасаңыз, ол оның жолын бақыламайды;

- Rest арқылы сіз HTTP кәштеу қуатын басқара аласыз!(яғни сұраныстармен жұмыс жасай аласыз.)

Rest API архитектурасымен төмендегі 1.2-суретте таныса аласыздар.



**1.2 - сурет – REST API архитектурасы**

Rest көбінесе веб-бетпен жұмыс жасауға ыңғайлы. Ал мобильді қосымшаға келетін болсақ, бірқатар заңдылықтар арқылы жұмыс жасайды. REST серверден алынған мәліметтер әдетте sql деректер қорында сақталады. Себебі олар activity-ға тікелей берілмейді және де деректер қорында қосу, өшіру, енгізу операциялары орындалатын болса, онда Rest сервері екі рет орындалады. Бірі операцияны жіберсе, екіншіде соған жауап қайтады.

## **2 Жобалау бөлімі**

### **2.1 Унифицирленген модельдеу тілі**

Жобамен жұмыс жасаған кезде оған міндетті түрде анализ және модельдеу мен қатар модельдеу процесін бейнелеуді жатқызады. Модельдеу тілі бағдарламалық қамтамасыз етудің сызбасын құрастырудың стандартты құралы болып табылады.

UML – Unified Modeling Language сөзінің мағынасы болып саналады. Қарапайым тілде айтқанда, UML модельдеу мен құжаттау үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған қазіргі заманауи қоғамның тәсілі. Шындығына келгенде, UML модельдеу тілі арқылы бизнес процестерді модельдеу қазіргі таңдадағы ең танымал әдістердің бірі. Бұл модельдеу тілі өте күрделі және аса ауқымды жүйелерді модельдеуді бұрыннан пайдаланылатын озық технологиялардың үйлесімін көрсетеді.

Ол бағдарламалық қамтаманың компоненттерінің схемалық көрінісін көрсетуге негізделген. Визуальды түсініктерді пайдалана және бейнелерді көре отырып, біз бағдарламалық қамтамасыз етудегі немесе бизнес – үдерістердегі мүмкін болатын кемшіліктерді немесе қателерді жақсы түсіне аламыз. Сол себепті ең алдымен жобаны модельдеуіміз қажет. Мобельдердің құрастырушы бөліктеріне класстар, интерфейстер, түйіндер, компоненттер және болмыстар жатады. Бұл бөлімдер құрылатын бағдарламаның құрылымын анық көрсетуге, оның қалай жұмсы жасайтынын көрсетуге және жасалған өзгерістерді диаграмма түрінде сызуға көмек береді. Осы кезде UML тілінің диаграммалары түрлерімен танысамыз. Әр диаграмма әртүрлі қызмет атқаратындықтан, бағдарламаға қажетті диаграмма түрін таңдап алған жөн. Жобамен жұмыс жасау үшін Rational Rose модельдеуге арналған бағдарламалық ортасы алынды. Себебі бұл бағдарлама көмегімен бизнесті үлгілеуден тестілеуге және дайын бағдарламаны пайдалануды тапсыруға дейінгі аралықты қамти алады. Басты ерекшелегі объектілі бағытталған графикалық сызбаларды UML тілінің қарапайым етіліп көрсетіледі. Rational Rose модельдеу құралдары бағдарламаны дайындаушыларға иерархияның әртүрлі деңгейлерінде бірге іс-қимыл мен бақылаудың барлық әсерлерін сақтай отырып, бағдарламалық процестердің тұтас архитектурасын жасауға мүмкіндіктер береді. Басқа артықшылығына модельдерді басқарудың оңайлығы жатады. Барлық модельдер оңай өзгертіледі және модельдер бір бірімен байланысты болса ол өзгерістер автоматты түрде өзгертіліп көрсетіледі. Нұскалар және конфигурацияны басқару жүйесі модельдерді басқаруға қолданылады. Бұл кез келген бизнес-модельге оңай өзгерістер енгізуге мүмкіндіктер береді.


Дипломдық жұмыста құрылатын жүйенің моделі бірнеше сызбада қарастырылады. Әр сызбада бағдарламаның әртүрлі әрекеттерін көрсетеді.

Прецеденттер диаграммасы. Бағдарламаны құруға арналған заттар облысын толықтай біліп танысқан жөн. Сонымен қатар жүйенің қалай жұмыс

жасайтыны туралы ақпараттар толықтай болу қажет. Диаграмма негізінен бағдарламалық жүйеде, яғни графикада орындайтын операциялардың тізімдерін құру үшін тағайындалған. Ол берілген методтағы жүйе объектісі болып анықталған тізім жүйесін табжылмай міндетті түрде орындайды. Осындай түрде жасалатын жүйенің функция құрылымы құрылады, сондай-ақ жүйемен байланысқан объектілердің барлығының іс-әрекетінің жоспарларын жазады. Прецедент диаграммасы процесін модельдеу үшін пайдаланушы іс-әрекетін толықтай көрсетуіне, сонымен қоса толық реакциясына да бағытталған диаграмма түрі.

Бағдарламадағы қосымша жүйенің жасайтын жұмысы онымен қалай айналысатынына және не қажет болуына байланысты болады. Объект моделі өзгергіштік тараудағы прецедент моделімен байланысты болады. Динамикалық модельді құру негізінде «сырттан ішке» деп аталатын принцип негізінде жасалады. Орналасқан жүйеден басқа жерде болуы мүмкін пайдаланушы зерттеуінен, сонымен қоса ақпараттық қимыл бөліктерін ашу жолынан басталады. Осындай тұрыптан ақпараттардың құрылымы пайда болады, яғни қажет ететін іс-әрекеттің ұсынуынан болады. Ішкі бағыттың жылжуы, сонымен қатар оның қадамы бөлек бір жоспары болып табылады.

Жүйенің мінез құлқын модельдеу (Use Case Diagram) – бұл шамаланған жүйені жүргізудің құжаттық моделі. Диаграмма прецедент элементтері, актерлері мен олардың қатынастар жиынынан тұрады. Прецеденттер диаграммалары көмегімен жүйе үшін прецеденттің статикалық көрінісі құрылады. Бұл ОЖ-нің талаптарын алдын ала модельдеу және ұйымдастыру болып табылады. Қандай да бір қолданушыны немесе субъектіні бағдарламада белгілеу үшін актерді пайдаланамыз. Модельдің бұл түрі 2.1-суретте көрсетілген.




2.1-сурет – Прецеденттер диаграммасының көрінісі

Тізбек диаграммасы негізінен хабарламаларды уақыт бойынша тәртіпке келтіруді айқындайтын өзара әрекеттесу диаграммасы, яғни бір уақыт мезетіндегі іс әрекетті жобалау процесі. Негізінен ең көп қолданылатын өзара әрекеттесу диаграммасы болып табылады, себебі объектілер арасындағы байланысты белгілі бір ретпен орналастырылады. Тізбек диаграммасы негізгі төрт элементтен тұрады:

- мәтіннің іс қимылы. Сол жақ жоғарыдан төмен жазылады.
- объектітер. Объектінің аты және объектінің класс номері жазылуы мүмкін.
- операциялар. Үзік сызық түрінде жасалынады. Тікбұрыш түрінде беріледі. Яғни, әдістерге кіретін сол объектілер кіреді. Тікбұрыш ұзындығы ізбасарда басқару фокусын көрсетуде қолдануға болады.

Тізбек диаграммасының сызбасы төмендегі 2.2-суретте көрсетілген.



2.2-сурет – Тізбек диаграммасының көрінісі

Күй(State)-бұл кейбір объектілерді орындау кезінде белгілі бір әрекет немесе сол не басқа оқиғаның түсуін күтуде мекендеуді жүзеге асыратын жиын шарты. Объектінің күй класы бір немесе бірнеше атрибуттарымен сипатталады. Бұл диаграмма объектінің бір жағдайдан басқасына ауысуын орындайтын және әрекеттері жағдайларын алмастырумен ескертілген оқиғалардың немесе хабарлаулардың объектілік жағдайларының графикалық ұсынысы. Объектінің өз күйін уақыт бойында қалай өзгертетінін түсіну үшін күй өзгерісінің спецификациясы бар. Объектінің күйі оның атрибуттарының және оған қоса қатынас атрибуттарының мәнімен анықталады. Күй спецификациясы класс атрибутын анықтайды. Тәртіп спецификациясы класс операцияларын анықтайды, олардың кейбірі объект күйін өзгерте алады.

## 2.2 Java бағдарламалау тілі

Андроид операциялық жүйесі негізінен Джава бағдарламасын негізге алып жұмыс істейді. Программа барысында жазылған кодтың барлығы арнайы Android Package есімді файлда сақталады. Сол себепті бағдарлама жазуда Джава бағдарламасының орны ерекше.

Java бағдарламалау тілін Джеймс Гослинг және басқа да Сан Микросистем компаниясының инженерлері ойлап тапқан. Бұл бағдарлама мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы ұйымдастырылған, алайда жарыққа тек мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы шыққан. Java алғашында C++ бағдарламалау тілінің орнына құрастырылған болатын және оның атын Дуб деп қоймақшы болған. Бағдарламаны құрудағы ең негізі мақсаттардың бірі ақпаратты қашықтыққа кодтау қауіпсіз болу үшін және еркін тұтас платформа құру үшін арналған.

Java бағдарламау тілі объектіге бағытталған бағдарлама тілі болып саналады. Java тілі Android операциялық жүйесіне арналған мобильді қосымшаларды жасау үшін белсенді қолданылады. Бұл ретте бағдарламалар Dalvik виртуалды машинасын пайдалану үшін стандартты емес байтты-кодқа айналдырады. Мұндай компиляция үшін Google компаниясы әзірлеген Android SDK (Software Development Kit) қосымша құралы қолданылады.

Android бағдарламасына арналған әр қосымша бөлек үрдісте өзінің меншікті данасындағы Dalvik машинасында жұмыс жасайды. Бүкіл есте сақтау қабілеттілігі мен үрдістерді басқару жауапкершілігі Android-қа жүктеледі.

Бірінші кезеңде, Java тілінде жазылған бағдарлама компилятор арқылы байтты кодқа айналдырады. Бұл жасалынатын компиляция бір нақты процессордың және әлдебір нақты компьютердің архитектура үлгісінен тәуелді болмайды. Ол бағдарламаны жазып болған соң бір рет орындалады.

Байт кодтар бір немесе бірнеше файлда жазылып, сыртқы жадқа сақталып немесе желі арқылы жіберіле алады. Бұл файлдың шағын өлшемді байт-кодтар үшін өте ыңғайлы болып келеді. Компиляция нәтижесінде, яғни бағдарлама нәтижесінде алынған байт кодтарды кез келген JVM-ді жүзеге асыратын жүйесі бар компьютерлерде орындауға болады.

Байт кодтардың интерпретациясы және үдемелі процесс бірталай бағдарламаның орындалуын баяулатады. Байтты кодтарды желі арқылы жібергенде ескерілмеді. Сол себептен ылғи интерпретаторды жетілдіру жұмысы жүріп жатады.

Java – бағдарламада класс спецификациясы мен оның жүзеге асырылуы әрқашан да тек бір файлда болады. Бұл бағдарламалау тілінде мұрагерлік жоқ, тек конструктор бар.

Android қосымшасы арнайы VM Dalvik атты виртуалды машинада іске қосылады. Виртуальды машина негізінен маңызды емес, дегенмен жұмыс жасау кезінде пайдалы қызметтер атқарады. Яғни қабық қызметін атқару арқылы мәліметтерді сақтайды. Кез келген Android қосымшасы қандай да бір операциялық жүйеде жұмыс жасау үшін арнайы виртуалды машинаның

данасымен жұмыс жасайды. Қосымша операциялық жүйеде қаралып сақталады, егерде дұрыс жасамай жатқан жағдайда операциялық жүйе ол қосымшаны жауып тастайды.

Класстар – java тіліндегі объектіге бағытталған бағдарламалаудың базалық элементінің класс түрі болып табылады. Класс құру үшін шығыс файлы болуы жеткілікті. Файл құрамында class негізгі сөзі, одан кейін идентификаторлар мен фигуралы жақшалар жұбы болуы керек.

## **2.3 Android платформасы**

Заман мен қоғамның қатар дамуына байланысты қазіргі уақытта мобильді құрылғыларсыз өмірді елестету мүмкін емес. Ал мобильді құрылғылар көбінесе Android платформасында жасалатын бағдарламаларды қамтиды.

Android Studio – Google компаниясының Android операциялық жүйесіне арнап шығарған жаңа және толық қамтылған қосымшаларды әзірлеу ортасы болып табылады. Бұл бағдарламаны дайындаушыларға қосымшаны өздері қалаған, мысалға Eclipse ортасын тандай отырып жасауға арналған ең танымал әзірлеу ортасы болып табылады.

Жаңа бағдарламамен жұмыс жасағанда, оның барлық құрылымы SDK атты каталогта жинақталып көрсетіледі. Бағдарламаның Gradle атты бақылау жүйесінде жұмыс жасауы өндірісі процесінде оның көп икемділігін береді. Android Studio бағдарламасы нақты бір уақытта сізге кез келген визуальды көрнекі өзгерістерді көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сіз қосымшаны жасай отырып, бір уақытта оның басқа Android бағдарламасы арқылы басқарылатын құрылғыларға әртүрлі баптаулармен, экран рұқсаттарымен көре аласыз. Бағдарлама безендіру құралдарымен қатар таңбалы кодтарына арналған жаңа құралдармен қамтамасыз етеді.

Android платформасы әрқашанда өзінің ашықтығымен, яғни кодтың ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Кодтың ашықтығы арқасында бағдарлама әзірлеушілер қалаған уақытта оған өзгерістер енгізе алады, келесі бағдарламаға ауыстыра алады және оған анализ жасай алады.

Android платформасының тағы бір артықшылығы – бағдарламаны жекелендірудің көп мүмкіндігінің болуы. Мысалға алғанда соңғы операциялық жүйенің жұмыс үстелінде әзірлеуші иконкалар мен виджеттерді өзі қалаған тәртіппен орналастыра алады. Әр жаңа версиясы шыққан сайын оған көптеген өзгерістер енгізілуде. Бірақ бұл бағдарламаны жасаушыларға өте ыңғайлы емес, себебі барлық бағдарламаны жасаушылар өздері жасаған бағдарламаның ерекше қылуды қалайды да, оған әртүрлі шектеулер қояды. Ал жаңа версияда ол ашылмауы мүмкін.

Android бағдарламаның ядросында қолданылатын API ды толығымен қамтиды. Бағдарлама архитектурасы кез келген бағдарламаның дайын тұрған бағдарлама мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді. Бірақ соңғы

өзгертілген бағдарлама барлық шектеулерді қамту керек. Осылайша операциялық жүйе архитектурасы компоненттер мен қосымшаларды бірнеше рет пайдалану принципін ұсынады.

Android бағдарламасын басқару үшін root қатынауы қажет. Оның көмегімен орнатылған бағдарламаны және жүйені толықтай бақылауға болады. Бағдарлама құрылғыларын жасаушылар бастапқыда root қатынауын аппараттық түрде бұғаттайды. Себебі олар пайдаланушыны зиянды бағдарламалық қамтаманы орнатудан қауіптенсіздіруге және аппаратты зақымданудан қорғауға ұмтылады. Дегенмен осы қорғауды өту үшін жаппай хакерлік жұмыстар жүргізілгендіктен, өндірушілер телефондардың ресми құлпын ашу мүмкіндігін жасауға мәжбүр болды.


## 2.4 Деректер құрылымы

Мобильді қосымша серверінің деректер қорын басқару жүйесі ретінде MySQL пайдаланылды. MySQL сервері клиент-серверлік және кірістірілген жүйелерде жұмыс істейтін болғандықтан бағдарламаға өте қолайлы.

MySQL деректер базасын басқару жүйесі көп нүктелі SQL серверін қамтитын клиент-серверлік жүйе болып табылады, әрі әр түрлі платформаларды, бірнеше клиенттік бағдарламалармен кітапханаларды, әкімшілік құралдарын және қосымшалардың бағдарламалық интерфейстерінің кең ауқымын қолданады.

